КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2025 жылғы 28 шілде 7119-25-00-2/7360 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«КӘУСАР» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы» мемлекеттік мекемесінің «КӘУСАР» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы –қанағаттандырылсын.

«КӘУСАР» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«КӘУСАР» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1884 (бір мың сегіз жүз сексен төрт) теңге тұрақсыздық айыбы, 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 28.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.09.2025, судья Шамшильдин Т., 11.09.2025

7119-25-3-1/7193